

**Қытай Халықаралық Республикасынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы натрий цианидінің транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 ақпан N 225

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы N 9-1 Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қытай Халық Республикасынан Қырғыз Республикасына 1999 жылғы 6 желтоқсандағы шарт және 2000 жылғы 16 қазандағы N 25600 сатып алу тапсырмасы бойынша "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы (Қырғыз Республикасы) үшін "СНИЕК Ксиньянг Корпорейшин" компаниясы (Қытай Халық Республикасы) беретін натрий цианидінің N 1 қосымшада көрсетілген мөлшерде және бағыт бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, 2-қосымшаға сай жүк жөнелтудің кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктің темір жол көлігімен тасымалдануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы натрий цианидінің транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 13 ақпандағы  
N 225 қаулысына  
қосымша

1999 жылғы 6 желтоқсандағы шарт және 2000 жылғы 16 қазандағы  
 N 25600 сатып алу тапсырмасы бойынша "Кумтор Оперейтинг Компани"  
 компаниясы (Қырғыз Республикасы) үшін "СНИЕК Ксиньянг Корпорейшин"  
 компаниясы (Қытай Халық Республикасы) беретін өнімдердің  
 Өзіндік ерекшелігі

-----  
 P/c! Тауардың ! Өлшем ! Саны ! Бір тоннасы! Жалпы құны АҚШ  
 N! толық атауы ! бірлігі ! үшін бағасы! долларымен  
 ! ! ! ! АҚШ !  
 ! ! ! ! долларымен !  
 -----

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6  
 -----

1 Натрий цианиді тонна 3600 1638 5896800  
 -----

СЭҚ ТН коды - 283711000.

Орын ауыстыру бағыты: Алашанкоу - Достық - Алматы - Луговая - Бішкек  
 - Балықшы.

Шекарадан өту станциялары: Достық - Луговая

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 13 ақпандағы

N 225 қаулысына

2-қосымша

1999 жылғы 6 желтоқсандағы шарт және 2000 жылғы 16 қазандағы  
 N 25600 сатып алу тапсырмасы бойынша "СНИЕК Ксиньянг Корпорейшин"  
 компаниясының (Қытай Халық Республикасы) "Кумтор Оперейтинг Компани"  
 компаниясына арналған (Қырғыз Республикасы) өнімін жөнелту кестесі

- 2001 ж. ақпан - 40 контейнер x 20 тонна = 800 тонна
- 2001 ж. мамыр - 40 контейнер x 20 тонна = 800 тонна
- 2001 ж. тамыз - 40 контейнер x 20 тонна = 800 тонна
- 2001 ж. қараша - 40 контейнер x 20 тонна = 800 тонна
- 2001 ж. желтоқсан - 20 контейнер x 20 тонна = 400 тонна

Мамандар:  
Багарова Ж.А.  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК